

Қазақ мемлекеттік кинобейнефильмдер шығару, жалға беру және көрсету жөніндегі концернді Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік компаниясы ("Қазақкино" мемкомпаниясы) етіп қайта құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 3 қыркүйек N 1343. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Ұлттық кинематография жүйесін басқаруды жетілдіру, халықтық дәстүрлер мен рухани қазыналарды қайта түлетуде кино өнерінің ролін арттыру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақ мемлекеттік кинобейнефильмдер шығару, жалға беру және көрсету жөніндегі концерні, оның құрамына кіретін республикалық, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық кинобейнеұйымдармен, кәсіпорындармен және бірлестіктермен қоса Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті жанындағы "Қазақкино" мемлекеттік кинокомпаниясы ("Қазақкино" мемкомпаниясы) болып қайта құрылып, оған мемлекеттік басқару органының мәртебесі берілсін.

2. "Қазақкино" мемкомпаниясы жергілікті әкімшіліктер жанындағы кинематография органдарымен бірге республиканың бірыңғай кинематография жүйесін құрайды деп белгіленсін.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Қазақкино" мемкомпаниясына оның құрамына кіретін бірлестіктердің, кәсіпорындар мен ұйымдардың, "Қазақкино-бөлшек" акционерлік қоғамының мемлекеттік мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқын берсін.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:
- екі айлық мерзім ішінде "Қазақкино" мемкомпаниясы туралы Ережені бекітсін.

- "Қазақкино" мемкомпаниясының материалдық-техникалық базасын нығайтуға, оның қызметкерлерінің еңбек және тұрмыс жағдайларын жақсартуға бағытталған шаралар қабылдансын.

5. Осы Жарлық жарияланған сәттен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК